



БҰЙРЫҚ

31.08.2026 № 113
Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

город Караганда

Ата-аналарға арналған онлайн консультациялық пункттің жұмысын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын, Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, тәрбиеленушілердің ата-аналарына (заңды өкілдеріне) балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және денсаулығын сақтау мәселелері бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету, отбасы мен бөбекжай арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Тілек» бөбекжайы КМҚК -да 2025 жылдан ата-аналарға арналған онлайн консультациялық пункт жұмысын жалғастыруда (бұдан әрі – Онлайн консультациялық пункт) «Тілек» бөбекжайы КМҚК -да 2026 жылдың 03 қыркүйек айынан өз жұмысын әрі қарай жалғастырсын.

2. Онлайн консультациялық пункттің негізгі мақсаты:

- тәрбиеленушілердің ата-аналарына (заңды өкілдеріне) баланы тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету;
- ата- аналардың педагогикалық-психологиялық сауаттылығын арттыру;
- бала мен ата-ана арасындағы жағымды қарым-қатынасты қалыптастыруға ықпал ету;
- ата- аналарға баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен дамыту бойынша практикалық ұсынымдар беру;
- бөбекжай мен отбасы арасындағы өзара ынтымақтастықты қамтамасыз ету.

3. Онлайн консультациялық пункттің негізгі міндеттері:

1. ата-аналардың консультациялық көмек алуға байланысты сұраныстарын қабылдау және зерделеу;

2. балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша жеке және топтық онлайн консультациялар өткізу;
 3. балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес күн тәртібі, ойын, қарым-қатынас, сөйлеу, танымдық, әлеуметтік-эмоциялық және дене дамуы бойынша ата-аналарға ұсынымдар беру;
 4. балалардың бейімделуі, мінез-құлқы және құрдастарымен қарым-қатынасы мәселелері бойынша ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру;
 5. ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің ата-аналарына консультациялық қолдау көрсету;
 6. ата-аналарға педагогикалық, психологиялық және әдістемелік ақпараттар ұсыну;
 7. қажет болған жағдайда бөбекжайдың педагог-психологын, тәрбиешілерін, логопедін, дефектологін, әлеуметтік педагогін және басқа да мамандарын консультациялық жұмысқа тарту;
4. Онлайн консультациялық пункттің жұмыс формалары ретінде:
- жеке онлайн консультация;
 - топтық онлайн консультация;
 - онлайн семинар;
 - вебинар;
 - тренинг;
 - тақырыптық ата-аналар кездесуі;
 - электрондық байланыс арқылы консультациялық көмек көрсету белгіленсін.
5. Онлайн консультациялық пункттің жұмыс кестесі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
6. Онлайн консультациялық пункттің жұмысын ұйымдастыруға жауапты тұлға болып:
- А.С Сагидатова- логопед және Б. Ж Тукеннова педагог – психолог тағайындалсын.*
7. Жауапты тұлғаларға:
1. Онлайн консультациялық пункттің жылдық/жартыжылдық жұмыс жоспарын әзірлеу;
 2. ата-аналардың консультацияға жазылуын ұйымдастыру;
 3. ата-аналардың сұраныстарына сәйкес консультация тақырыптарын анықтау;
 4. тиісті мамандардың онлайн консультацияларға қатысуын қамтамасыз ету;
 5. өткізілген консультацияларды белгіленген тәртіппен есепке алу;
 6. ата-аналарға Онлайн консультациялық пункттің жұмыс тәртібі мен байланыс арналары туралы ақпарат беру;
 7. атқарылған жұмыс бойынша талдау жасап, қажет болған жағдайда бөбекжай басшысына ақпарат ұсыну тапсырылсын.

8. Педагог-психологқа:

- ата-аналарға баланың жас ерекшеліктері мен психологиялық дамуы мәселелері бойынша консультация беруді;
- ата-аналарға баламен тиімді қарым-қатынас жасау тәсілдерін түсіндіруді;
- баланың бейімделуі, эмоционалдық жағдайы және мінез-құлқына байланысты ұсынымдар беруді;
- ата-аналарға психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету тапсырылсын.

9. Тәрбиешілерге:

- тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ата-аналарға тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсетуді;
- ата-аналардың сұраныстарына сәйкес қажетті ақпарат пен ұсынымдар беруді;
- қажет болған жағдайда ата-аналарды тиісті маманның консультациясына бағыттауды қамтамасыз ету тапсырылсын.

10. Онлайн консультациялық пункттің жұмысы кезінде ата-аналар мен тәрбиеленушілердің дербес деректерін жинау, өңдеу, пайдалану және сақтау Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылсын.

11. Онлайн консультация барысында баланың және ата-ананың жеке мәліметтері, денсаулық жағдайы, даму ерекшеліктері және басқа да құпия ақпараттар үшінші тұлғаларға заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда таратылмасын.

12. Онлайн консультацияларды өткізу кезінде фото-, аудио-, бейнежазба жасау және оларды интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде немесе мессенджерлерде жариялау ата-ананың (занды өкілдің) тиісті келісімі болған жағдайда ғана жүзеге асырылсын.

13. Онлайн консультациялық пункттің қызметі туралы ақпарат ата-аналарға қолжетімді түрде бөбекжайдың ақпараттық стендінде, ресми интернет-ресурсында және/немесе қолданылатын цифрлық байланыс арналары арқылы орналастырылсын.

14. Онлайн консультациялық пункттің қызметі ата-аналар үшін **тегін** негізде жүзеге асырылсын.

15. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әдіскер А.Қ Жәнібекова жүктелсін.

16. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Директор



А.К Тусупбекова